КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 20 мамыр №7119-24-00-2/5070 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Астана қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
«КИЯЛБЕКОВА ДИНАРА ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Астана қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «КИЯЛБЕКОВА ДИНАРА ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«КИЯЛБЕКОВА ДИНАРА ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КИЯЛБЕКОВА ДИНАРА ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 20.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.08.2024, судья Тюлебекова Г. С., 11.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 20.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.08.2024, судья Тюлебекова Г. С., 11.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство